

Ресми рецензент- **Серикова Айнур Темешованың**

8D09102- «Ветеринариялық санитария» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін тағайындалуына ұсынылған Жумабаев Асхат Конысбаевичтің «Батыс Қазақстан облысы су айдындарындағы балықтардың ветеринариялық-санитариялық қауіпсіздігі» тақырыбы бойынша диссертациялық жұмысына берілген жазбаша пікірі

р/н №	Өлшем шарттар	Өлшем шарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін);</p> <p>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету);</p> <p>3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.</p>	<p>Диссертациялық жұмыс келесі бағдарламалар аясында орындалды:</p> <p>Ғылыми жұмыс Қазақстан Республикасы АШМ қаржыландыратын "БНҚ" ЖРН BR10764944 бюджеттік бағдарламасы бойынша 2021-2023 жылдарға арналған "Тамақ өнімдерінің қауіпсіздігін талдамалық бақылау және мониторинг жүргізу әдістерін әзірлеу" ғылыми-техникалық бағдарлама, "Мал шаруашылығы өнімдерінің қауіпсіздігін бақылау үшін тест-жүйелерді әзірлеу" ғылыми бағыты «Батыс Қазақстан облысындағы балық және балық өнімдерінің ветеринариялық-санитариялық қауіпсіздігінің мониторингі» тақырыбы шеңберінде орындалған.</p>
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін <u>қосады</u> /қоспайды, ал оның маңыздылығы <u>ашылған</u> /ашылмаған.	Жүргізілген ғылыми жұмыс ветеринария ғылымының дамуына <u>үлесін қосады</u> . Жұмыс нәтижелері бойынша Батыс Қазақстан облысы бойынша балықтардың радионуклидтер, ауыр металдар, антибиотиктер және су айдындарындағы инвазиялы ауруларының таралуы анықталған. Қосымша инвазиялы балық ауруларымен және ауыр метал әсерінен зақымдалған балық етінің химиялық көрсеткіштерінің өзгеруі байқалды, балық ағзасынан ауыр метал шығару әдіс әзерленген. Алынған

			нәтижелер эпизоотологиялық маңызға ие және балықтарды ветеринариялық-санитариялық қауіпсіздігінің салыстырмалы көрсеткіштерін зертханаларда қолдануға болады.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған;	Жоғары. Докторант А.К. Жумабаев өз бетінше орындау және жазу барысында ветеринариялық-санитариялық сараптаманың жалпы қабылданған әдістері бойынша балық етіне органолептикалық, физико-химиялық зерттеулер жүргізіп, тағамдық және биологиялық құндылығын анықтаған. Диссертация ғылыми тілде, түсінікті жазылған, зерттеу нәтижелері мен талдау бөлімдерінде арнайы дереккөздерге сілтеме жасалған.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген.	Негізделген. Диссертациялық жұмыстың өзектілігі толығымен ашылған, себебі бүгінгі уақытта балық және балық өнімдерінің қауіпсіз және сапалы болуы үшін дұрыс ветеринариялық-санитариялық сараптау әдістерін жүргізу өзекті мәселе болып табылады.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) айқындайды; 2) ішінара айқындайды; 3) айқындамайды.	Айқындайды. Диссертация тақырыбы «Батыс Қазақстан облысы су айдындарындағы балықтардың ветеринариялық - санитариялық қауіпсіздігі» болса, диссертацияда осы сұрақтар толықтай мазмұнында ашылған. Барлық бөлімдер, бөлімшелер, сондай-ақ талдаулар мен қорытындылар тақырыпты зерттеуге және дамытуға бағытталған.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді.	Сәйкес келеді. Жұмыстың алдында қойылған мақсаты пен міндеттер тақырыпқа сәйкес келеді, міндеттер толықтай орындалған.
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан: 1) толық байланысқан; 2) ішінара байланысқан;	Толық байланысқан. Диссертациялық жұмыстың барлық бөлімдері, кіріспе, әдебиетке шолу, материалдар мен зерттеу әдістері, нәтижелерді талдау, қорытынды бөлімі және пайдаланылған әдебиеттер тізімі,

		3) байланыс жоқ.	тұжырымдар мен қорытындылар логикалық толық тұрғыда байланысқан.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) сыни талдау бар; 2) талдау ішінара жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген; 4) талдау жоқ.	Сыни талдау бар. Автор зерттеу барысында өзінен алдыңғы ғалымдардың зерттеулерін талдай отырып, тың шешім қабылдаған. Балық етіндегі инвазиялардың ауыр металдардың, минералды және аминқышқылдық құрамына, химиялық құрамына, витаминдер мөлшеріне әсері анықталған. Әрбір қолданған әдіске сыни талдау жасалған.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25% дан кем).	Толығымен жаңа деп айтуға болады, өйткені, жаңа әдіс дайындалған. Батыс Қазақстан облысы су айдындарындағы және ішкі сауда объектілерінде сатылатын балықтардың инвазиялық ауруларына, ауыр метал тұздарына, радионуклидтерге, антибиотиктерге зерттеулер жүргізген. Сондай-ақ зерттеу нәтижесіне сәйкес №8012 «кадмийді балық шикізатынан шығару әдісі» пайдалы модель әзірленді. Жүргізілген ғылыми-зерттеулер негізінде қорытынды жасай білген.
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25% -дан кем).	Толығымен жаңа. Диссертацияның қорытындылары жаңа, толығымен зерттеу нәтижелеріне негізделген және алғаш рет жарияланған.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25% -дан кем).	Ішінара жаңа. Диссертацияны орындау барысында жалпылама әдістермен балық етіне ветеринариялық - санитариялық сараптау жүргізген. Балық етінің сапасы мен қауіпсіздігін, биологиялық құндылығын анықтайтын заманауи әдістемеліктерді қолданғанда диссертация маңызы арта түсер еді.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research куолитатив ресеч) және өнер	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдерге негізделген . Зерттеулер нәтижесінде алынған және диссертациялық жұмыста баяндалған ғылыми деректер, қорытындылар және

		және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	ұсыныстардың ғылыми негізделу дәрежесі жоғары. Ғылыми нәтижелердің логикалық байланысы және ғылыми тұрғыда құндылығы бар.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	<p>Әр ереже бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Ереже дәлелденді ме?</p> <p>1) дәлелденді;</p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді</p> <p>5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p> <p>3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p> <p>3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) кең</p> <p>4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p> <p>3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес</p>	<p>Қорғауға ұсынылатын негізгі ережелер:</p> <p>1. БҚО табиғи балық шаруашылығы су айдындарында ластану дәрежесін анықтау.</p> <p>2. Орал қаласының сауда нүктелерінен алынған балық және балық өнімдерінен сапасын және антибиотик қалдығын анықтау.</p> <p>3. Батыс Қазақстан облысының аумағындағы су айдындарында балықтардың биоқауіпсіздігін зерттеу.</p> <p>4. Балық етінің паразитоздар және ауыр метал әсеріндегі өзгерістері.</p> <p>5. Ауыр металдардың балық ағзасында шығару әдісін зерттеу.</p> <p>7.1 Қорғауға шығарылған негізгі ережелер толығымен дәлелденген.</p> <p>7.2 Диссертациялық жұмыстың қорғауға шығарылған қағидаттары тривиалды емес, алынған ғылыми деректер жаңа.</p> <p>7.3 Қорғауға ұсынылған негізгі мәселелер жаңа.</p> <p>7.4 Диссертант өзінің ғылыми жұмысында алғаш рет Батыс Қазақстан су айдындарында инвазиямен зақымданған балық етінің минералды және аминқышқылдық құрамына, химиялық құрамына және витаминдер мөлшеріне әсерін анықтады. Сондай-ақ зерттеу нәтижесіне сәйкес №8012 «кадмийді балық шикізатынан шығару әдісі» пайдалы модель әзірленді. Диссертациядағы нәтижелерді зертханаларда салыстырмалы көрсеткіш ретінде және кадмийді балық ағзасынан шығару әдісін қолдануға болады.</p>

			7.5 Диссертациялық жұмыс көлемінде алынған материалдар докторанттың жарық көрген мақалаларында жан-жақты дәлелденген.
8.	Дәйектілік қағидаты. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдіснаманы таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) <u>ия</u> ; 2) жоқ	Ия. Әдістеменің таңдауы негізделген және диссертациялық жұмыстағы зерттеу міндеттеріне толық сәйкес келеді.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) <u>ия</u> ; 2) жоқ	Ия. Диссертациялық жұмыстың қорытындылары зертхана жағдайында қолданыстағы әдістерімен атқарылған, алынған нәтижелер бір-бірімен тығыз байланыста, зерттеу үрдістері жүйелі түрде жүргізілген, дәлелденген. Зертханада алынған онды нәтижелер практикада жүзінде қолданыс тапқан. Эксперименттік зерттеулер дұрыс ұйымдастырылған.
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) <u>ия</u> ; 2) жоқ	Ия. Теориялық қорытындылары, моделдер анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған, қорытындылары зертхана жағдайында заманауи құрылғылармен, сондай-ақ жалпы әдістерімен зертханалық зерттеулермен алынған нәтижелері сараптама актісі, сынау хаттамалырымен, методикалық әдістемелермен дәлелденген және расталған.
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен <u>расталған</u> / ішінара расталған / расталмаған.	Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді, диссертациялық жұмыс отандық, шет елдік ғалымдарының ғылыми әдебиеттеріне сілтемелер жасау арқылы расталған .
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <u>жеткілікті</u> /жеткіліксіз	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті түрде қамтылған , диссертацияда 214 дереккөздер берілген, оның ішінде отандық ғалымдардың еңбектері - 21, алыс шетелдік ғалымдардың еңбектері - 122, ТМД ғалымдарының еңбектері - 71.

9	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) <u>ия</u> ; 2) жоқ	Ия. Диссертацияның теориялық маңызы бар, алынған нәтижелерді практикада қолдануға болады. Жалпы өңірдегі балықтың инвазиялық ауруларының тарау ошақтары анықталған. Алынған нәтижелерді ветеринариялық паразитологияда, ветеринариялық-санитариялық сараптауда қолдануға болады.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) <u>ия</u> ; 2) жоқ	Ия. Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары. Ауыр метал кадмиді еттен шығару әдісін практикалық жұмыстарда қолдануға болады. Алынған нәтижелерді ветеринариялық-санитариялық зертханаларында қолдануға болады.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма? 1) <u>толығымен жаңа</u> ; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25% -дан кем).	Практикалық ұсыныстар толығымен жаңа болып табылады.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) <u>жоғары</u> ; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Академиялық жазу сапасы- жоғары . Диссертациялық жұмыста тақырып бойынша отандық, ТМД елдері және шет ел ғалымдарының соңғы 5-10 жыл көлеміндегі зерттеу жұмыстарының нәтижелеріне терең талдау жүргізілген. Қорытындылар жасалған жұмыс нәтижелерінен алынған.
11	Диссертацияға ескертулер	1.Өнім қауіпсіздігі мен сапасын анықтағанда замануы әдістерді пайдаланса жұмыс маңыздылығы арта түсер еді. 2.Балық етіндегі радиоактивті заттарды азайту жолдары қарастырылмаған. 3.Диссертацияда стилистикалық қателер кездеседі. Бірақта бұл ескертулер диссертация маңызын жоймайды деп есептеймін.	
12	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы)	Зерттеу нәтижелері 8 баспа жұмыстарында көрсетілген: 4 мақала «Ғылыми еңбектің негізгі нәтижелерін жариялау үшін Қазақстан Республикасы Ғылым жоғары білім министрлігі, Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған ғылыми басылымдар тізбесіне кіретін ғылыми журналдарда жарияланған: импакт-факторы бар журналдағы 1 мақала процентиль - 65% және халықаралық конференция материалдарында 3 тезис жарияланған. Ғылыми жұмыс бойынша 2 әдістемелік	

<p>нысанада қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді).</p>	<p>нұсқаулық шығарылған. Сонымен қатар балық ағзасынан ауыр металдардың тұздарын шығару әдісі 2023 жылғы 28 сәуір №8012 "Кадмийді балық шикізатынан шығару әдісі" пайдалы модель әзірленген. 1.Nurgaliyev B., Kadraliyeva B., Kushmukhanov Zh., Taubaev U., Tuleuov A., Zhumabayev A.-Corresponding author Results of Parasitological Research on Hydrobionts from Water Bodies in West Kazakhstan Region. International Journal of Veterinary Science. 2024, 13(1): P. 85-93. https://doi.org/10.47278/journal.ijvs/2023.075 https://www.ijvets.com/pdf-files/23-192.pdf Q2. процентиль - 65%.</p>
<p>Ресми рецензенттің шешімі (Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)</p>	<p>Жумабаев Асхат Қонысбаевичтің 8D09102 - «Ветеринариялық санитария» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынған «Батыс Қазақстан облысы су айдындарындағы балықтардың ветеринариялық - санитариялық қауіпсіздігі» атты диссертациялық жұмысы автордың өзіндік жекеше түрде орындалған, толық аяқталған ғылыми-зерттеу жұмыс деп санаймын және авторға 8D09102 - «Ветеринариялық санитария» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесі тағайындалуын ұсынамын.</p>

Ресми рецензент,

«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ,
Ветеринария кафедрасының қауымдастырылған профессоры,
ветеринария ғылымдарының кандидаты



А.Т. Серикова

_____ қолын растаймын

“ ” 20 ж.